

Әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 1181 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3 және 4-тармақтан қараңыз.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерге арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша білімнің білім беру бағдарламасы (1-қосымша);

2) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелеріне (ТКОББ) арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы (2-қосымша);

3) Қосымша білімнің мектептен тыс ұйымдарына арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы (3-қосымша);

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімдеріне арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы (4-қосымша) бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бұйрық 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты

Д. Қосанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 1181 бұйрығымен бекітілген

Барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерге арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша білімнің білім беру бағдарламасы

1. Бағдарлама мақсаты: барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерге арналған ӘШД бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын жас айбындар бойынша әскери даярлық негіздерін, патриоттық сананы, азаматтық жауапкершілікті, Қазақстан Республикасын қорғауға дайын болуды қалыптастыру, сондай-ақ әскери қызметті табысты өткеру үшін қажетті қосымша білім, біліктілік пен дағдыны игеру.

2. Оқушылар санаты: барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептің (жалпы білім беретін, мамандандырылған мектеп, лицей, гимназия) 7 – 11-сынып оқушысы (жас айбын) (14 – 18 жас).

3. Бағдарлама ұзақтығы:

жалпы ұзақтығы: 136 сағат (жылына 34 сағат x 5 жыл) білім беру ұйымында көзделген ауыспалы сағат есебінен қамтамасыз етіледі.

оқу жылы бойынша бөлу: жылына 34 сағат (7 – 8-сынып – жылына 17 сағаттан 34 сағат, 9-сынып – 34 сағат, 10-сынып – 34 сағат, 11-сынып – 34 сағат).

оқыту нысаны: күндізгі, факультативтік бөлім шеңберінде немесе мектептен тыс уақытта.

сабақ режимі: аптасына 1 сағат (мектеп мүмкіндігіне және кестесіне қарай). Оқу жылы ішінде сабақтарды біркелкі бөлуге тырысу қажет.

сабақ ұзақтығы (академиялық сағат): 45 минут.

4. Бағдарлама құрылымы:

Бағдарлама мынадай бөлімдер бойынша 7, 8 және 9-сыныпқа арналған теориялық және практикалық сабақтан тұрады:

- 1) әскери тарих негіздері (ӘТН);
 - 2) әскери іс негіздері (ӘІН);
 - 3) әскери қызмет негіздері (ӘҚН);
 - 4) саптық даярлық негіздері (СДН);
 - 5) жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД);
 - 6) тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН);
 - 7) медициналық білім негіздері (МБН);
 - 8) әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ).
- 10 және 11-сынып үшін:
1. әскери тарих негіздері (ӘТН);
 2. тактикалық даярлық негіздері (ӘІН);
 - 3) оқ ату даярлығы негіздері (ОДН);
 - 4) ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері;
 - 5) саптық даярлық (СД);

- 6) жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД);
- 7) радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері (РХБКН);
- 8) медициналық білім негіздері (МБН);
- 9) әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ);
- 10) бейіндік даярлық (БД).

5. Бағдарлама мазмұны (теориялық және практикалық сабаққа бөліп).

Шартты белгілер:

(Т) – теориялық сабақ;

(П) – практикалық сабақ.

1-жыл (7-сынып) – 17 сағат:

Әскери тарих негіздері (ӘТН) (3 сағат):

(Т) Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің әскери ісі (б.д. дейінгі VII ғ. – б.д. VII ғ.) (1 сағат).

(Т) Ортағасырлық Қазақстан халықтарының соғыстары мен әскери ұйымы (VI – XIV ғ.) (1 сағат).

(Т) Қазақ халқының Отан соғысы (XVII – XVIII ғ.). Қазақтардың әскери өнері (1 сағат).

Әскери іс негіздері (ӘІН) (2 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері: құрамы, құрылымы, міндеттері (1 сағат).

(Т) ҚР-ның басқа да әскерлері мен әскери құралымдары: құрамы, құрылымы, міндеттері (1 сағат).

Әскери қызмет негіздері (ӘҚН) (4 сағат):

(Т) ҚР азаматтарының әскери міндеті (1 сағат).

(Т) Әскери атақтар. Айырым белгілері (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жалпыәскери жарғылары (қысқаша шолу (2 сағат).

Саптық даярлық негіздері (СДН) (2 сағат):

(Т) Саптық даярлықтағы негізгі ұғымдар (1 сағат).

(Т) Командирлер мен әскери қызметшілердің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттері (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (2 сағат):

(Т) Әскери қызметшінің салауатты өмір салты негіздері (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (1 сағат).

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН) (1 сағат):

(Т) Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (1 сағат):

(Т) Алғашқы медициналық көмек негіздері (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ) (2 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери дәстүр (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери рәсім (1 сағат).

2-жыл (8-сынып) – 17 сағат:

Әскери тарих негіздері (ӘТН) (2 сағат):

(Т) Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің әскери ұйымы (XVIII – XIX ғ.).
Көтерілісшілердің әскери өнері және олардың көшбасшылары (1 сағат).

(Т) Алғашқы қазақ офицерлері мен генералдары (XVIII – XX ғ. басы) (1 сағат).

Әскери іс негіздері (ӘІН) (2 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі мен орны (1 сағат).

(Т) Әскери қызмет түрі және қорғаныс саласындағы заңнама (қысқаша шолу) (1 сағат).

Әскери қызмет негіздері (ӘҚН) (4 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысы (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысы (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының саптық жарғысы (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысы (1 сағат).

Саптық даярлық негіздері (СДН) (3 сағат):

(П) Саптық қалып, саптық даярлықтың орнында және қозғалыстағы жеке тәсілдері (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста жеке әскери сәлемдесу (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста жеке бұрылу (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (2 сағат):

(Т) Жалпы дене шынықтыру дайындығы: мақсаттары мен міндеттері (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (1 сағат).

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН) (1 сағат):

(Т) Табиғи, техногендік апат және тұрғындардың әрекет етуі (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (1 сағат):

(Т) Жарақаттанған, қан кеткен, қол-аяқ сынған кезде көрсетілетін алғашқы көмек (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ) (2 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасы Отан қорғаушы күні, оның маңызы (1 сағат).

(Т) ҰОС-дағы Жеңіс күні, оның маңызы (1 сағат).

3-жыл (9-сынып) – 34 сағат:

Әскери тарих негіздері (ӘТН) (6 сағат):

(Т) XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әскери іс (3 сағат).

(Т) 1920 – 1940 ж. әскери жанжалдағы қазақстандықтар (3 сағат).

Әскери іс негіздері (ӘІН) (4 сағат):

(Т) Қарулы жанжалдың негізгі түрі (1 сағат).

(Т) Тактика негіздері (1 сағат).

(Т) Қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техника түрі (1 сағат).

(Т) Қару-жарақ пен әскери техника жіктемесі және негізгі сипаттамасы (1 сағат).

Әскери қызмет негіздері (ӘҚН) (4 сағат):

(Т) Әскери бөлімнің ішкі тәртібі мен күн тәртібі (2 сағат).

(Т) Тәуліктік наряд құрамы және оның негізгі міндеттері (2 сағат).

(Т) Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері (2 сағат).

Саптық даярлық негіздері (СДН) (5 сағат):

(Т) Сап және оны басқару (1 сағат).

(П) Саптан шығу және оған қайта тұру (1 сағат).

(П) Бастыққа келу және одан кету (1 сағат).

(П) Бөлімше құрамында қозғалыста саптық тәсілдерді орындау негіздері (1 сағат).

(П) Бөлімше құрамында орнында және қозғалыста әскери сәлемдесу және саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (4 сағат):

(Т) Организмді шынықтыру қағидалары (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (3 сағат).

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН) (4 сағат):

(Т) Өрт қауіпсіздігі: экстремалды жағдайда әрекет ету (1 сағат).

(Т) Тұрғындардың зілзала кезінде әрекет етуі (1 сағат).

(Т) Химиялық, биологиялық және радиациялық қатер (1 сағат).

(Т) Терроризм: қатер түрі және одан қорғау (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (3 сағат):

(Т) Жүрек-өкпе реанимациясы: жүргізу алгоритмі (1 сағат).

(П) Практикалық сабақ: таңу және таңғышты салу (1 сағат).

(П) Жаттықтыру: қолдан жасалған жағдайда алғашқы көмек көрсету (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ) (4 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасының Халық қаһармандары (2 сағат).

(Т) Отан батырлары – өткені мен бүгіні (2 сағат).

4-жыл (10-сынып) – 34 сағат:

Әскери тарих негіздері (ӘТН) (4 сағат):

(Т) Ұлы Отан соғысы майдандарындағы Қазақстанның әскери құралымдары (1941 – 1945 ж.) (2 сағат).

(Т) Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстандағы әскери құрылым (1946 – 1991 ж.) (2 сағат).

Тактикалық даярлық негіздері (ТДН) (3 сағат):

(Т) Тактика негіздері (1 сағат).

(Т) Сарбаздың ұрыста әрекет етуі (1 сағат).

(Т) Бөлімшенің тактикалық әрекет етуі (1 сағат).

Оқ ату даярлығы негіздері (ОДН) (6 сағат):

(Т) Оқ ату даярлығы негіздері (1 сағат).

(Т) Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары (1 сағат).

(Т) Калашников автоматы (КА-74М) мен Макаров пистолетінің (МП) тактикалық-техникалық сипаттамасы (1 сағат).

(Т) Калашников автоматының (КА-74М) және Макаров пистолетінің (МП) құрылымы (1 сағат).

(П) КА-74М бөлшектеу және жинау (норматив) (1 сағат).

(П) Тирда пневматикалық қарудан іс жүзінде оқ ату (норматив) (1 сағат).

ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері (ПҰАҚН) (2 сағат):

(Т) Пилотсыз авиацияның даму тарихы (1 сағат).

(Т) ПҰА құрылымы мен жіктелуі (1 сағат).

Саптық даярлық (4 сағат):

(П) Бөлімшені өрістетілген сапқа тұрғызу (бір қатарлы немесе екі қатарлы) (1 сағат)

(П) Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу (бір лекке бір-бірден, екіден, үштен, төрттен) (1 сағат).

(Т) Орнында және қозғалыста әскери сәлемдесу және қарумен саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста әскери сәлемдесу және қарумен саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (3 сағат):

(Т) Әскери қызметші үшін әскери-қолданбалы спорт түрінің маңызы (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (1 сағат).

(П) Әскери қызметшілерге арналған арнайы жаттығу (кедергілерден өту – элементтер) (1 сағат).

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері (РХБҚН) (3 сағат):

(Т) Ядролық, химиялық және биологиялық қарудың әсер ету факторы (қысқаша шолу) (1 сағат).

(Т) Әскери қызметшінің жеке қорғаныс құралдары (1 сағат).

(П) Газтұмша және жалпы әскери қорғаныс жиынтығын кию (норматив) (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (2 сағат):

(Т) Уланған, күйік шалған, үсіп қалған, суға батқан, ток соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек (1 сағат).

(П) Өртүрлі жарақаттану мен зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін пысықтау (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӨПТ) (3 сағат):

(Т) Ел батырларының бейнесі және моральдық таңдауы (3 сағат).

Бейіндік даярлық (4 сағат) (оқушының таңдауы бойынша):

Әскери-техникалық даярлық: әскери техника құрылымы мен қолданыс қағидатын зерделеу (мысалы, дрон, броньды техника, артиллериялық қондырғы), техникаға қызмет көрсету және пайдалану бойынша практикалық сабақ (тәжірибелі нұсқаушы немесе әскери қызметші жетекшілігімен) (П) – 4 сағат.

Автоіс: автомобиль құрылымын, автомобильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын зерделеу, жүргізу (П) – 4 сағат.

Байланысшыларды даярлау: радиобайланыс негіздерін зерделеу, радиостанция құрылғысын, радио алмасу қағидалары зерделеу, байланыс құралдарымен практикалық жұмыс (П) – 4 сағат.

Ақпараттық технология: ақпарат қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, бағдарламалау (П) – 4 сағат.

Құрылыс: әскери-құрылыс ісінің негіздерін, фортификациялық құрылыс тұрғызу қағидаларын зерделеу (П) – 4 сағат.

Медициналық даярлық: далалық жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін зерделеу, фортификациялық құрылыс тұрғызу (П) – 4 сағат.

5-жыл (11-сынып) – 34 сағат:

Әскери тарих негіздері (ӘТН) (4 сағат):

(Т) Тәуелсіз Қазақстан армиясы (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери ұйымының негізі (2 сағат).

Тактикалық даярлық негіздері (ТДН) (4 сағат):

(Т) Әскери бөлімше ұрыста (1 сағат).

(Т) Өртүрлі ұрыста әрекет ету тактикасы (1 сағат).

(Т) Өртүрлі жағдайда ұрыс жүргізу тактикасы (1 сағат).

(Т) Ұрыста басқару және өзара іс-қимыл негіздері (1 сағат).

Оқ ату даярлығы негіздері (ОДН) (4 сағат):

(Т) Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары (1 сағат).

(Т) Оқ ату тәсілдері мен қағидалары (1 сағат).

(П) КА-74М бөлшектеу және жинау (норматив) (1 сағат).

(П) Тирда пневматикалық қарудан іс жүзінде оқ ату (норматив) (1 сағат).

ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері (ПҰАҚН) (2 сағат):

(Т) ПҰА-ны қазіргі кезде қолдану (1 сағат).

(Т) ПҰА-ны тактикада қолдану (1 сағат).

Саптық даярлық (СД) (2 сағат):

(П) Әскери сәлемдесу және қарусыз саптық тәсілдер (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста қарумен әскери сәлемдесу және саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (2 сағат):

(Т) Әскери қызметші үшін жекпе-жек ұрыс маңызы (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (1 сағат).

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері (РХБҚН) (2 сағат):

(Т) РХБ сипатындағы қазіргі заманғы қатер (1 сағат).

(П) Газтұмша және жалпы әскери қорғаныс жиынтығын кию (норматив) (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (2 сағат):

(Т) Жарақаттанған, қан кеткен, қол-аяқ сынған кезде көрсетілетін алғашқы көмек (1 сағат).

(П) Манекенде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін пысықтау (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӨПТ) (4 сағат):

(Т) Отанды қорғау мамандығы: армия не үшін керек? Жоғары әскери оқу орындары: оқуға түсу және перспективасы (2 сағат).

(Т) Ұлттық бірлік және ұлтаралық келісім – Өркендеген Қазақстан және қуатты армия негізі (2 сағат).

Бейіндік даярлық (8 сағат) (оқушының таңдауы бойынша):

Әскери-техникалық даярлық: әскери техника құрылымы мен қолданыс қағидатын зерделеу (мысалы, дрон, броньды техника, артиллериялық қондырғы), техникаға қызмет көрсету және пайдалану бойынша практикалық сабақ (тәжірибелі нұсқаушы немесе әскери қызметші жетекшілігімен) (П) – 8 сағат.

Автоіс: автомобиль құрылымын, автомобильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын зерделеу, жүргізу (П) – 8 сағат.

Байланысшыларды даярлау: радиобайланыс негіздерін зерделеу, радиостанция құрылғысын, радио алмасу қағидалары зерделеу, байланыс құралдарымен практикалық жұмыс (П) – 8 сағат.

Ақпараттық технология: ақпарат қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, бағдарламалау (П) – 8 сағат.

Құрылыс: әскери-құрылыс ісінің негіздерін, фортификациялық құрылыс тұрғызу қағидаларын зерделеу (П) – 8 сағат.

Медициналық даярлық: далалық жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін зерделеу, имитациялық оқу-жаттығуға қатысу, медициналық жабдық қолданысы. (II) – 8 сағат.

Оқу уақытын бөлу мысалы 1 және 2-кестеде келтірілген.

1-кесте – 7, 8, 9-сыныпқа арналған оқу уақытын бөлу үлгісі

Пән	1-жыл (17сағат) 7-сынып	2-жыл (17 сағат) 8-сынып	3-жыл (34сағат) 9-сынып	Барлығы (68 сағат)
Әскери тарих негіздері	3	2	6	9
Әскери іс негіздері	2	2	4	8
Әскери қызмет негіздері	4	4	4	12
Саптық даярлық негіздері	2	3	5	12
Жалпы дене шынықтыру дайындығы	2	2	4	8
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	1	1	4	6
Медициналық білім негіздері	1	1	3	5
Әскери-патриоттық тәрбие	2	2	4	8
Жиыны:	17	17	34	68

2-кесте – 10, 11-сынып үшін оқу уақытын бөлу үлгісі

Пән	4-жыл (34 сағат) 10-сынып	5-жыл (34 сағат) 11-сынып	Барлығы (68 сағат)
Әскери тарих негіздері	4	4	8
Тактикалық даярлық негіздері	3	4	8
Оқ ату даярлығы негіздері	6	4	10
ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері	2	2	4
Саптық даярлық	4	2	6
Жалпы дене шынықтыру дайындығы	3	2	5
Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері	3	2	4
Медициналық білім негіздері	2	2	4

Әскери-патриоттық тәрбие	3	4	8
Бейіндік даярлық	4	8	12
Жиыны:	34	34	68

6. Жоспарланған оқу нәтижесі

Оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқушы:

Мыналарды білуге тиіс:

Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің әскери қызметін регламенттейтін құжаттардың негізгі ережелері.

Қазақстан Республикасының әскери тарихы.

Әскери қызметшілердің міндеттері.

Калашников автоматының және Макаров пистолетінің құрылымын және қолдану тәртібі.

Алғашқы медициналық көмек көрсету қағидалары.

Жаппай қырып-жою қаруын қолданған кездегі өзін ұстау қағидалары.

ПҰА-ны ұрыста қолдану негіздері.

Бейіндік даярлық негіздері (тандалған бағытқа сәйкес).

Мыналарды жасай алуға тиіс:

Саптық тәсілдерді орындау.

Калашников автоматын бөлшектеу және жинау.

Жарақаттанған, қан кеткен, қол-аяқ сынған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету.

Жеке қорғаныс құралдарын қолдану.

Құбылнама көмегімен жергілікті жерде бағдарлану.

Бейіндік даярлық дағдысын қолдану.

Мыналарды меңгеруге тиіс:

Тәртіптілік және жауапкершілік дағдысы.

Ұжымдық жұмыс дағдысы.

Экстремалды жағдайда шешім қабылдау дағдысы.

Бейіндік даярлыққа сәйкес дағды.

7. Аттестаттау нысаны:

Ағымдағы бақылау (жартыжылдық): ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, практикалық тапсырмалар.

Аралық аттестаттау (жылдық): сынақ (бағдарлама бөлімдері бойынша).

Қорытынды аттестаттау (оқу қорытындысы бойынша): кешенді емтихан (теориялық білім және практикалық дағды), бейіндік даярлық бойынша жоба қорғау (тандалған бейінге байланысты).

8. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік әзірleme;

плакат, схема, кесте, нұсқаулықтар;

бейнематериал, презентация;

практикалық сабаққа арналған жабдық (қару макеті, қорғаныс құралдары, медициналық керек-жарак, құбылнама, симулятор және т.б.).

Ескертпе: бұл бағдарлама базалық дағды мен білімді қалыптастыруға бағытталған. Мектеп мүмкіндігі мен білікті оқытушылардың болуына қарай бағдарлама мазмұны толықтырылуы және кеңейтілуі мүмкін. Оқытудың практикалық бағытын және әскери қызметтің нақты жағдайымен байланысын қамтамасыз ету маңызды. Оқушыға сұранысқа ие дағды алуға және нақты мамандық бойынша әскери қызметке дайындалуға мүмкіндік беру үшін бейіндік даярлыққа ерекше көңіл бөлінуі керек.

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2025 жылғы 29 тамыздағы

№ 1181 бұйрығымен бекітілген

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелеріне (ТКОББ) арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы

1. Бағдарлама мақсаты: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мекемелеріне арналған ӘШД бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын жас айбындар бойынша әскери даярлық негіздерін, патриоттық сананы, азаматтық жауапкершілікті, Қазақстан Республикасын қорғауға дайын болуды қалыптастыру, сондай-ақ әскери қызметті табысты өткеру үшін қажетті қосымша білім, біліктілік пен дағдыны игеру.

2. Оқушылар санаты: оқушылар (ТКОББ).

3. Бағдарлама ұзақтығы:

жалпы ұзақтығы: 136 сағат.

оқу жылы бойынша бөлу: жылына 34 сағат.

оқыту нысаны: күндізгі, факультативтік бөлім шеңберінде.

4. Бағдарлама құрылымы:

Бағдарлама мынадай пәндер бойынша теориялық және практикалық сабақтан тұрады:

- 1) әскери іс негіздері (ӘІН);
- 2) әскери қызмет негіздері (ӘҚН);
- 3) саптық даярлық негіздері (СДН);
- 4) жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД);
- 5) тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН);
- 6) медициналық білім негіздері (МБН);
- 7) әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ);
- 8) әскери тарих негіздері (ӘТН);

- 9) бейіндік даярлық (БД);
- 10) тактикалық даярлық негіздері (ТДН);
- 11) оқ ату даярлығы негіздері (ОДН);
- 12) ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері (ПҰАҚН);
- 13) радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері (РХБҚН).

5. Бағдарлама мазмұны (теориялық және практикалық сабаққа бөліп).

Шартты белгілер:

(Т) – теориялық сабақ;

(П) – практикалық сабақ.

Әскери іс негіздері (ӘІН) (11 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері: құрамы, құрылымы, міндеттері (2 сағат).

(Т) ҚР-ның басқа да әскерлері мен әскери құралымдары: құрамы, құрылымы, міндеттері (2 сағат).

(Т) ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ҚР ҚК-ның, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының рөлі мен орны (2 сағат).

(Т) Қарулы жанжалдың негізгі түрі (1 сағат).

(Т) Әскери өнер негіздері (1 сағат).

(Т) Қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техника түрі (1 сағат).

(Т) Қару-жарақ пен әскери техника жіктелуі және негізгі сипаттамасы (2 сағат).

Әскери қызмет негіздері (ӘҚН) (11 сағат):

(Т) ҚР азаматтарының әскери міндеті (1 сағат).

(Т) Әскери атақтар. Айырым белгілері (1 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысы (қысқаша шолу) (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының саптық жарғысы (қысқаша шолу) (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысы (қысқаша шолу) (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысы (1 сағат).

(Т) Әскери бөлімдегі ішкі тәртіп пен күн тәртібін зерделеу (1 сағат).

(Т) Әскери қызметшілердің құқықтары мен жеңілдігі (1 сағат).

Саптық даярлық негіздері (СДН) (17 сағат):

(Т) Саптық даярлықтағы негізгі ұғымдары. Командир мен әскери қызметшілердің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттері (1 сағат).

(П) Саптық қалып, жеке саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста жеке әскери сәлемдесу (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста жеке бұрылу (1 сағат).

(Т) Сап және оны басқару (1 сағат).

(П) Саптан шығу және оған қайта тұру (2 сағат).

(П) Бастыққа келу және одан кету (2 сағат).

(П) Бөлімше құрамында қозғалыста саптық тәсілдерді орындау негіздері (1 сағат).

(П) Бөлімше құрамында әскери сәлемдесуді саптағы орнында және қозғалыста орындау (1 сағат).

(П) Бөлімшені өрістетілген сапқа тұрғызу (бір қатарлы немесе екі қатарлы) (1 сағат)

(П) Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу (лекке бір-бірден, екіден, үштен, төрттен) (1 сағат).

(Т) Орнында және қозғалыста қарумен әскери сәлемдесу және саптық тәсілдер (1 сағат).

(П) Бөлімше құрамында орнында және қозғалыста қарумен әскери сәлемдесу және саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

(П) Қарусыз әскери сәлемдесу және саптық тәсілдер (1 сағат).

(П) Орнында және қозғалыста қарумен әскери сәлемдесу және саптық тәсілдерді орындау (1 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (10 сағат):

(Т) Әскери қызметшілердің салауатты өмір салты негіздері (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру). КСРО кезіндегі ЕҚД нормаларының талаптарына ұқсас нормативтер ұсынылады (2-ші саты "Спорттық ауысым" (14 – 15 жастағы жасөспірімдер үшін). Әскери жекпе-жек (1 сағат).

(Т) Организмді шынықтыру қағидалары (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру) (4 сағат).

(Т) Әскери қызметші үшін әскери-қолданбалы спорт түрінің маңызы (1 сағат).

(Т) Әскери қызметшілерге арналған арнайы жаттығу (кедергілер жолағынан өту – элементтер) (1 сағат).

(Т) Әскери қызметші үшін жекпе-жек ұрыс маңызы (1 сағат).

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН) (8 сағат):

(Т) Табиғи және техногендік сипаттағы Экстремалды жағдай (2 сағат).

(Т) Өрт, жер сілкінісі, су тасқыны кезінде әрекет ету (2 сағат).

(Т) Өрт қауіпсіздігі: экстремалды жағдайда әрекет ету (1 сағат).

(Т) Тұрғындардың зілзала кезінде әрекет етуі (1 сағат).

(Т) Радиациялық, химиялық және биологиялық қатер (1 сағат).

(Т) Терроризм: қатер түрі және қорғану (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (9 сағат):

(Т) Жарақаттанған, қан кеткен, қол-аяқ сынған кезде көрсетілетін алғашқы көмек (2 сағат).

(П) Манекенде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін пысықтау (2 сағат).

(Т) Жүрек-өкпе реанимациясы: жүргізу алгоритмі (1 сағат).

(П) Практикалық сабақ: таңу және таңғыш салу (1 сағат).

(П) Жаттықтыру: қолдан жасалған жағдайда алғашқы көмек көрсету (1 сағат).

(Т) Уланған, күйік шалған, үсіп қалған, суға кеткен, тоқ соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек (1 сағат).

(П) Өрттүрлі жарақаттану және зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін пысықтау (1 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӨПТ) (13 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасы ҚК-ның әскери дәстүрі мен рәсімі (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасының Отан қорғаушы күні, ҰОС-дағы Жеңіс күні және оның маңызы (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасының Халық қаһармандары (1 сағат).

(Т) Отан батырлары – өткені мен бүгіні (2 сағат).

(Т) Ел батырларының бейнесі және моральдық таңдауы (2 сағат).

(Т) Отанды қорғау мамандығы: армия не үшін керек? Жоғары әскери оқу орындары: оқуға түсу және перспективасы (2 сағат).

(Т) Ұлттық бірлік және ұлтаралық келісім – Өркендеген Қазақстан негізі (2 сағат).

Әскери тарих негіздері (ӨТН) (10 сағат):

(Т) Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің әскери ұйымы

(XVIII – XIX ғ.). Көтерілісшілердің әскери өнері және олардың көшбасшылары (1 сағат).

(Т) Алғашқы қазақ офицерлері мен генералдары (XVIII – XX ғ. басы) (1 сағат).

(Т) XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әскери іс (1 сағат).

(Т) 1920 – 1940 жылдардағы әскери жанжалдағы қазақстандықтар (1 сағат).

(Т) Ұлы Отан соғысы майдандарындағы Қазақстанның әскери құралымдары (1941 – 1945 ж.) (2 сағат).

(Т) Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстандағы әскери құрылым (1946 – 1991 ж.) (1 сағат).

(Т) Тәуелсіз Қазақстан армиясы (2 сағат).

(Т) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери ұйымының негізі (1 сағат).

Бейіндік даярлық (19 сағат) (оқушының таңдауы бойынша):

Әскери-техникалық даярлық: әскери техника құрылымы мен қолданыс қағидатын зерделеу (мысалы, дрон, броньды техника, артиллериялық қондырғы), техникаға

қызмет көрсету және пайдалану бойынша практикалық сабақ (тәжірибелі нұсқаушы немесе әскери қызметші жетекшілігімен) (П) – 19 сағат.

Автоіс: автомобиль құрылымын, автомобильге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын зерделеу, жүргізу (П) – 19 сағат.

Байланысшыларды даярлау: радиобайланыс негіздерін зерделеу, радиостанция құрылғысын, радио алмасу қағидалары зерделеу, байланыс құралдарымен практикалық жұмыс (П) – 19 сағат.

Ақпараттық технология: ақпарат қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, бағдарламалау (П) – 19 сағат.

Құрылыс: әскери-құрылыс ісінің негіздерін, фортификациялық құрылыс тұрғызу қағидаларын зерделеу (П) – 19 сағат.

Медициналық даярлық: далалық жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін зерделеу, имитациялық оқу-жаттығуға қатысу, медициналық жабдық қолданысы (П) – 19 сағат.

Тактикалық даярлық негіздері (ТДН) (8 сағат):

(Т) Тактика негіздері (1 сағат).

(П) Сарбаздың ұрыста әрекет етуі (4 сағат).

(Т) Бөлімшенің тактикалық әрекет етуі (1 сағат).

(Т) Әртүрлі ұрыстағы тактикалық әрекет (1 сағат).

(Т) Әртүрлі жағдайда ұрыс жүргізу тактикасы (1 сағат).

Оқ ату даярлығы негіздері (ОДН) (11 сағат):

(Т) Оқ ату даярлығы негіздері (1 сағат).

(Т) Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары (2 сағат).

(Т) Калашников автоматының (КА-74М) және Макаров пистолетінің (МП) тактикалық-техникалық сипаттамасы (ТТС) (1 сағат).

(Т) Калашников автоматының (КА-74М) және Макаров пистолетінің (МП) құрылымы (1 сағат).

(П) КА-74М бөлшектеу және жинау (норматив) (2 сағат).

(П) Тирда пневматикалық қарудан іс жүзінде оқ ату (норматив) (2 сағат).

(Т) Оқ ату қағидалары мен тәсілдері (2 сағат).

ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері (ПҰАҚН) (4 сағат):

(Т) Пилотсыз авиацияның даму тарихы (1 сағат).

(П) ПҰА-ның құрылымы мен жіктелімі (1 сағат).

(Т) ПҰА-ны қазіргі кезде қолдану (1 сағат).

(Т) ПҰА-ны тактикада қолдану (1 сағат).

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау (РХБҚН) негіздері (5 сағат):

(Т) Ядролық, химиялық және биологиялық қарудың зақымдау факторы (қысқаша шолу) (1 сағат).

(Т) Әскери қызметшінің жеке қорғаныс құралдары (1 сағат).

(П) Газтұмша және жалпыәскери қорғаныс жиынтығын уақытқа кию (норматив) (2 сағат).

(Т) РХБ сипатындағы қазіргі заманғы қатер (1 сағат).

6. Жоспарланған оқу нәтижесі

Оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқушы:

Мыналарды білуге тиіс:

Қазақстан Республикасы әскери қызметшілердің қызметін регламенттейтін құжаттардың негізгі қағидалары.

Әскери қызметшілердің міндеттері.

Калашников автоматының және Макаров пистолетінің құрылымы және оларды қолдану тәртібі.

Алғашқы медициналық көмек көрсету қағидалары.

Жаппай қырып-жою қаруын қолданған кезде өзін ұстау қағидалары.

Жергілікті жерде бағдарлану қағидаларының негіздері.

Бейіндік даярлық негіздері (таңдалған бағытқа сәйкес).

Мыналарды жасай алуға тиіс:

Саптық тәсілдерді орындау.

Калашников автоматын бөлшектеу және жинау.

Жарақаттанған, қан кеткен, қол-аяқ сынған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету.

Жеке қорғаныс құралдарын қолдану.

Құбылнама көмегімен жергілікті жерде бағдарлану.

Бейіндік даярлық дағдысын қолдану.

Мыналарды меңгеруге тиіс:

Тәртіптілік және жауапкершілік дағдысы.

Ұжымдық жұмыс дағдысын.

Экстремалды жағдайда шешім қабылдау дағдысы.

Бейіндік даярлыққа сәйкес дағды.

7. Аттестаттау нысаны:

Ағымдағы бақылау (жартыжылдық): ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, практикалық тапсырмалар.

Аралық аттестаттау (жылдық): сынақ (бағдарлама бөлімдері бойынша).

Қорытынды аттестаттау (оқу қорытындысы бойынша): кешенді емтихан (теориялық білім және практикалық дағды), бейіндік даярлық бойынша жобаны қорғау (таңдалған бейінге байланысты).

8. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік әзірleme;

плакат, схема, кесте, нұсқаулықтар;

бейнематериал, презентация;

практикалық сабаққа арналған жабдық (қару макеті, қорғаныс құралдары, медициналық керек-жарак, құбылнама, симулятор және т.б.).

Ескертпе: бұл бағдарлама базалық дағды мен білімді қалыптастыруға бағытталған. ТҚОББ ұйымының мүмкіндігі мен білікті оқытушылардың болуына қарай бағдарлама мазмұны толықтырылуы және кеңейтілуі мүмкін. Оқытудың практикалық бағытын және әскери қызметтің нақты жағдайымен байланысын қамтамасыз ету маңызды. Оқушыға сұранысқа ие дағды алуға және нақты мамандық бойынша әскери қызметке дайындалуға мүмкіндік беру үшін бейіндік даярлыққа ерекше көңіл бөлінуі керек.

3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 1181 бұйрығымен бекітілген

Қосымша білімнің мектептен тыс ұйымдарына арналған әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы

1. Бағдарлама мақсаты: барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептеріне арналған ӘШД бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын жас айбындар бойынша әскери даярлық негіздерін, патриоттық сананы, азаматтық жауапкершілікті, Қазақстан Республикасын қорғауға дайын болуды қалыптастыру, сондай-ақ әскери қызметті табысты өткеру үшін қажетті қосымша білім, біліктілік пен дағдыны игеру.

2. Оқушылар санаты: барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептің (жалпы білім беретін, мамандандырылған мектеп, лицей, гимназия) 5 – 11-сынып оқушысы (жас айбын) (12 – 18 жас).

3. Бағдарлама ұзақтығы:

жалпы ұзақтығы: 170 сағат (7 жылдық оқу).

оқу жылы бойынша бөлу: жылына 34 сағат (5-6-сынып), жылына 34 сағат (7 – 8 сынып), 9-сынып – 34 сағат, 10-сынып – 34 сағат, 11-сынып – 34 сағат.

оқыту нысаны: күндізгі, факультативтік бөлім шеңберінде немесе мектептен тыс уақытта.

сабақ режимі: аптасына 1 сағат (мекеменің мүмкіндігіне түріне және кестесіне қарай). Оқу жылы ішінде сабақтарды біркелкі бөлуге тырысу қажет.

сабақ ұзақтығы (академиялық сағат): 45 минут.

4. Бағдарлама құрылымы:

Бағдарлама мынадай бөлімдер бойынша 5 – 6, 7 – 8 және 9-сыныпқа арналған теориялық және практикалық сабақтан тұрады:

- 1) әскери іс негіздері (ӘІН);
- 2) әскери қызмет негіздері (ӘҚН);
- 3) саптық даярлық негіздері (СДН);

- 4) жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД);
- 5) тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН);
- 6) медициналық білім негіздері (МБН);
- 7) әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ);
- 10 және 11-сынып үшін:
- 1) тактикалық даярлық негіздері (ТДН);
- 2) оқ ату даярлығы негіздері (ОДН);
- 3) ПҰА-ны әскери істе қолдану негіздері (ПҰАҚН)
- 4) саптық даярлық (СД);
- 5) жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД)
- 6) радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау негіздері (РХБҚН);
- 7) медициналық білім негіздері (МБН);
- 8) әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ);
- 9) әскери тарих негіздері (ӘТН);
- 10) бейіндік даярлық (БД).

5. Бағдарлама мазмұны (теориялық және практикалық сабаққа бөліп).

Шартты белгілер:

(Т) – теориялық сабақ;

(П) – практикалық сабақ.

1-2 жыл (5 – 6-сынып) – 34 сағат:

Әскери іс негіздері (ӘІН) (9 сағат):

(Т) Отанды қорғаудағы армия рөлі (3 сағат).

(Т) Қазіргі заманғы қару-жарақ пен технология түрі (3 сағат).

(Т) Бітімгершілік миссия және оның маңызы (1 сағат).

(Т) Әскери қызмет мәні мен мазмұны (1 сағат).

(Т) "Отанды қорғаушы" деген мамандық бар (1 сағат).

Әскери қызмет негіздері (ӘҚН) (9 сағат):

(Т) Әскери қызметтің негізгі міндеттері мен функциялары (2 сағат).

(Т) Әскери атақтар. Айырым белгілері (2 сағат).

(Т) Әскери қызмет өткеру (1 сағат).

(Т) Әскери мамандықтар және олардың міндеттері (2 сағат).

(Т) Әскери қызметшілердің киім нысаны мен жарағы (1 сағат).

(Т) Армиядағы тәртіп пен реттілік (1 сағат).

Саптық даярлық негіздері (СДН) (2 сағат):

(Т) Саптық даярлықтағы негізгі ұғымдар (2 сағат).

Жалпы дене шынықтыру дайындығы (ЖДШД) (4 сағат):

(Т) Жаттықтыру және жалпы дене шынықтыру дайындығы (1 сағат).

(П) Шымырлықты, ептілік пен төзімділікті дамытатын жаттығу (қолмен тіреліп денені көтеру, тартылу, отырып-тұру, жүгіру). (3 сағат).

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері (ТҚН) (4 сағат):

(Т) Жеке қауіпсіздік негіздері (2 сағат).

(Т) Көшеде және қоғамдық орында өзін ұстау қағидалары (1 сағат).

(Т) Алғашқы көмек көрсету (1 сағат).

Медициналық білім негіздері (МБН) (2 сағат):

(Т) Әскери қызметшінің медициналық дәріқобдишасы құрамы (2 сағат).

Әскери-патриоттық тәрбие (ӘПТ) (4 сағат):

(Т) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери дәстүр мен рәсім (2 сағат)

(Т) ҚР Қарулы Күштерінде қызмет ету – әрбір азаматтың қасиетті борышы (2 сағат).

3-4 жыл (7 – 8-сынып) – 34 сағат:

Әскери іс негіздері (ӘІН) (6 сағат):

